

**«№54 бөбекжайы» КМҚК
директорының «Сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу туралы»
2022 жылғы 20 желтоқсандағы
№125 бұйрығына №1 қосымша**

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің
«№54 бөбекжайы» КМҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу
бойынша жұмыс тобының құрамы**

1. **Захарова Е.А., әдіскер, жұмыс тобының төрайымы.**

Жұмыс тобының мүшелері:

2. Черноус О.А., тәрбиеші;
3. Гаан В.К. педагог-психолог;
4. Калинова Т.В., тәрбиеші, кәсіподақ комитетінің төрайымы,
5. Досмагамбетова М.А., тәрбиеші көмекшісі, кәсіподақ мүшесі.

Жұмыс тобының хатшысы:

6. Джабарова К.А., хатшы

**«№54 бөбекжайы» КМҚК
директорының «Сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу туралы»
2022 жылғы 20 желтоқсандағы
№125 бұйрығына №2 қосымша**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізу бойынша жұмыс жоспары**

№ п/п	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауапты тұлғалар
1	2022 жылға талдау объектісінің қызметі туралы есептерді жинау	20-23.12.2022 ж.	Талдау объектілерінің қызметіне жауапты тұлғалар
2	2022 жылға тәртіптік тәжірибе туралы ақпарат жинау	20-23.12.2022 ж.	Захарова Е.А.
3	2022 жылға мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат	20-23.12.2022 ж.	Черноус О.А. Гаан В.К.
4	Талдау объектісінің қызметін, оның ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілерді және ішкі құжаттарды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына талдау	26-27.12.2022 ж.	Жұмыс тобының мүшелері: Калинова Т.В. Черноус О.А. Досмагамбетова М.А.
5	Талдау анықтамасын дайындау	28.12.2022 ж.	Захарова Е.А. Черноус О.А. Калинова Т.В.
6	Талдамалық анықтамаға қол қою	29.12.2022 ж.	Тусова А.А.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің
«№54 бөбекжайы» КМҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері
туралы талдамалық анықтама

Қостанай қ.

29.12.2022 жыл

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№54 бөбекжайы» КМҚК 2022 жылғы 20 желтоқсандағы №125 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы негізінде 2022 жылғы 20 желтоқсанның бастап 2022 жылғы 29 желтоқсанға дейінгі кезеңде Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№54 бөбекжайы» КМҚК (бұдан әрі - №54 бөбекжайы) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

«Персоналды басқару»

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№54 бөбекжайы» КМҚК басқару функциялары: басқарушы (әкімшілік) персонал, негізгі персонал, қосалқы персонал қызмет бағыттары бойынша іске асырылады. Бөбекжай қызметін зерделеу кезінде мүдделер қақтығысының болуына, кадрлардың ауысу себептеріне, қызметкерлердің жұмыстан босатылуына (лауазымының төмендеуіне), сондай-ақ бөбекжайдың кадр саясатының өзге де мәселелеріне талдау жүргізілді.

Жақын туыстарының бірлескен жұмыс фактілері 3 жағдай: ерлі - зайыптылар-қоймашы және электрик (Карасев А.В., Карасева А.И.); апалы сіңілі бір бөлімде жұмыс істейді – кір жуғыш машиналарының операторлары (Дьякова Е. В., Сухотерина Н. В.); анасы мен қызы – тәрбиеші және тәрбиешінің көмекшісі (Алимбаева А.А. Алимбаева С.Т.). Бас бухгалтер Н.А. Исмагулованың, меңгерушісі А.А. Тусованың, ӘШБ жөніндегі директордың орынбасары Е. Л. Турдың - туыстары жоқ. Лауазымдық өкілеттіктерге ие бөбекжай тұлғаларының жеке мүдделері арасында қайшылықтар жоқ. Мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайлардың алдын алу мақсатында қызметкерлермен мүдделер қақтығысының мәнін, оны реттеу тәртібін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасын бұзғаны үшін көзделген жауапкершілік шараларын түсіндіруге бағытталған кеңестік жұмыс жүргізіледі.

Талдау жүргізу кезінде штат бірліктерінің нақты саны-72, ұйым қызметкерлерінің саны 72 қызметкерді құрайды, оның ішінде 6- қоса атқарушылар, 3 қызметкер 3 жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыста (Черных Н.Б., Островая Е.О., Варакина Н.Ю.) осы қызметкерлердің әрқайсысының бұйрыққа сәйкес орны мен лауазымы сақталған. Педагогтар - 34 (оның ішінде меңгеруші және әдіскер), техникалық персонал - 35.

Ұжымда 8 ер адам, 61 әйел жұмыс істейді. Зейнеткерлік жастағы қызметкерлер 6 адам: Фербер П.Г. (сантехник); Аскарова Б.Т., Зубарева Е.Н. (тәрбиеші көмекшілері); Горшков В.М. (аула сыпырушы); Вершинин В.В. (күзетші); Сухотерина Н. В. (кір жуғыш машиналарының операторы). Осы қызметкерлермен жұмыс қабілеттілігін ескере отырып, жоғары кәсіби және білікті деңгейі бар қызметкерлері ретінде еңбек шарты ұзартылды.

2022 жылда 19 қызметкер жұмысқа қабылданды. ҚР Еңбек кодексінің 49 бабының 5 тармағы бойынша қызметкердің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу - 23 қызметкер жұмыстан шықты: тәрбиеші және тәрбиешінің көмекшісі. Бос жұмыс орындары туралы ақпарат «Епбек.kz» электрондық еңбек биржасында уақтылы орналастырылады.

Жаңадан келіп түскен қызметкерлерге сотталмағандығы туралы мәліметтердің болуы туралы сұраныс салулар жүргізілді (сұраныс хаттар Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» ММ-не уақтылы жіберілді, олар «Арнайы есепке алу» АЖ (ҚР БП жанындағы ҚСЖАЕК) арқылы жүзеге асырылды, осы кезеңде 2 сұраныс салулар болды, барлық анықтамалар қызметкерлердің жеке істерінде сақталады.

№54 бөбекжай қызметкерлерінің сапалық құрамын талдай отырып, қызметкерлердің орташа жасы 45 жасты құрайтынын атап өткен жөн. 6 зейнеткерлік және 7 зейнеталды жасындағы қызметкерлер.

2022 жылдың желтоқсан айының соңындағы жағдай бойынша 2 бос жұмыс орны бар: тәрбиеші - 1 (бала 3 жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыс уақытында), 1-тәрбиеші көмекшісі. Кадр жұмысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау бойынша мүдделер қақтығысының болуы, қызметкерлердің басшылықпен үлестестігі анықталған жоқ. Ұжым тұрақты жұмыс істейді. Өткен кезеңде теріс себептермен жұмыстан босату фактілері анықталған жоқ, жұмыстан босату қызметкерлердің өз қалауы бойынша болды. Сыбайлас жемқорлық әрекеттерін білдіретін қандай да бір шектеулер мен тыйымдар анықталған жоқ.

Оқытудан өту, қызметкерлердің біліктілігін арттыру мерзімдері мен тәртібі аттестаттаудың және курстық қайта даярлаудың перспективалық жоспарларымен реттелген, Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасының негізінде және оған сәйкес Бобрицкая Е.А., Нечаева П.А. жүзеге асырылады. 2022 жылда 8 педагог біліктілікті арттыру курстарынан өтті: Котвицкая Н.И., Рамазанова А.К., Алимбаева А.А., – «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығы АҚ, Гаан В.К. «Адамның үйлесімді дамуының ұлттық институты» НОА. 01.09.2020 жылғы №1 педагогикалық кеңесте бекітілген «Тәлімгерлік туралы» ережеге сәйкес 2 педагог үшін 1 жыл өтілі бар тәлімгерлік ұйымдастырылды. Әрбір жас педагогқа тәлімгер, жоғары кәсіби және адамгершілік қасиеттері, тәрбие мен оқыту әдістемесі саласындағы білімі бар тәжірибелі педагог қызметкер бекітіледі. Бұлар Бердібекова Д.У. (Қуанышбаева Д.К.), Зубарева В.В. (Сухинина В.В.). Бұл жұмыс жас мамандармен тәлімгерлік арқылы жүзеге асырылады.

Тәртіптік тәжірибені талдай отырып, №54 бөбекжайдың азаматтық қызметшілері 2022 жылда еңбек заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылмағанын атап өтеміз.

«№54 бөбекжайы» КМҚК-да мүдделер қақтығысы жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 12-бабының талаптарын сақтау мақсатында лауазымды адамдар мен ұжымның «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды сақтауы жөнінде шаралар қабылданды. 10.09.2020 жылғы №24 бұйрықпен Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№54 бөбекжайы» КМҚК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты және Әдеп кодексі бекітілді. Бөбекжай директоры сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы КЕЛІСІМГЕ қол қойды. Бұл қызметтік жағдайды жеке, топтық және басқа да қызметтік емес мүдделерде пайдалануды шектейді.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№ 54 бөбекжайы» КМҚК 2022 жылғы 19 шілдеде ұжым «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Ұлттық баяндама» Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру нәтижелері туралы хабардар ету мақсатында Қазақстан Республикасының Президентіне, халыққа және жұртшылыққа жыл сайын шығарылатын және ұсынылатын аса маңызды құжаттардың бірімен танысты, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және есепті кезеңдегі уәкілетті органдардың және бүкіл қазақстандық қоғамның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына «нөлдік төзімділік» қағидасын қалыптастыру саласындағы қызметтің қорытындылары шығарылды.

Жалпы, «№54 бөбекжайы» КМҚК азаматтық қызметшілерінің қызметі қойылған функциялар мен міндеттерді іске асыруға бағытталған.

«Мемлекеттік қызметтер көрсету»

Қазіргі уақытта Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№54 бөбекжайы» КМҚК барлығы 2 мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

- «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызметі.

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру

ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі.

2022 жылда «№54 бөбекжайында» балаларды мектепке дейінгі ұйымға қабылдау және есепке алу бойынша «Электронды балабақша» indigo24.kz порталы арқылы 115 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

2022 жылда «№54 бөбекжайында» педагогикалық қызметкерлерге «Педагог» санаты бойынша біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттау бойынша мемлекеттік қызмет көрсетілмеді.

Жыл сайын мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша түсіндіру іс-шараларының медиа-жоспары бекітіледі.

Балабақшаның <http://sad54-kst.edu.kz> сайтында мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша нормативтік құжаттамалар орналастырылған.

Ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы бөбекжайдың бірінші қабатында орналасқан.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу және шағымдар жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселесі «№54 бөбекжайы» КМҚК директорының тұрақты бақылауында.

Проблемалар.

«Электронды балабақша» indigo24.kz порталы арқылы балаларды мектепке дейінгі ұйымға кесепке алу және қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсету уақытында:

- ұйымға жүйеде қол қою туралы жаңа келісім пайда болғанын хабарлау қажет, әйтпесе Мемлекеттік қызмет көрсету уақыты (30 минут) аяқталады және бұзушылық болып саналады.

«Рұқсат беру қызметін іске асыру»

№54 бөбекжайы рұқсат беру қызметін жүзеге асырмайды.

«Бақылау қызметін іске асыру»

№54 бөбекжайы бақылау қызметін жүзеге асырмайды.

«№54 бөбекжайдың ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер»

2021 жылғы 1 шілдеден бастап өтініштерді қарау тәртібін өзгертетін әкімшілік рәсімдік-процестік Кодекстің (бұдан әрі – АПК) нормалары күшіне енді. Осы кезеңнен бастап өтініштерді қабылдау, тіркеу және қарау «Е-өтініш» арқылы жүргізіледі. 2022 жылдың қазан, қараша, желтоқсан айларындағы жағдай бойынша Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№54 бөбекжайы» КМҚК өтініш түскен жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 4-бабының 3-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының бірі ашықтық және жариялылық қағидаты болып табылады. Осы бағытта жұмыстар жүргізілуде (ақпаратты бөбекжай бақша сайтында, «Facebook», «Инстаграм» сайттарында, Watcар ата-аналар топтарында, стендтерде орналастыру). Ақпарат бөбекжай қызметін ұйымдастыру, оқу-тәрбие процесі, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мәселелерін қарастырады.

Мектепке дейінгі ұйым туралы және балабақша қызметкерлеріне қатысты жағымсыз материалдарды анықтау үшін Интернет-сайттарға, бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізілді. Зерттеу кезеңінде теріс материалдар анықталған жоқ.

«Мемлекеттік сатып алулар», «Бухгалтерия»

Мемлекеттік сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын

бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының нормаларына сәйкес жүргізіледі. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық түрде жүргізіледі және жеткізушімен қандай да бір байланысты болдырмайды. Шарттар жасасудың тек қана электрондық форматы веб-порталда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толық және шынайы ақпаратты қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағаларын айқындауға мүмкіндік берді. Электрондық шарттарды және Мемлекеттік сатып алуды оңайлатуға және ашықтыққа бағытталған бірқатар басқа нормаларды енгізу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға мүмкіндік берді. Бас бухгалтер Н.А. Исмагуловамен барлық бастапқы құжаттар қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жасалды, бюджет қаражатының төлемдері мен аударымдары мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп ережелері мен нұсқаулықтарына сәйкес жүргізіледі. Жалақыны есептеу жұмыс уақытын есепке алу табельдері, бұйрықтар және құжаттарды негіздейтін басқа да актілер негізінде жүргізіледі. Еңбекке ақы төлеу қызметкерлерге жалақыны карточкаларға аудару арқылы жүзеге асырылады. Шот карталарына бөгде адамдардың аударымдары немесе өтініш бойынша анықталған жоқ. ҚР Еңбек кодексінің 2-тармағының 113-бабына сәйкес әрбір қызметкерге еңбекақы төлеу түрлері бөлінісінде деректер егжей-тегжейлі көрсетілген есеп айырысу парағы берілді. Бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалану анықталған жоқ. ТМҚ мен негізгі құралдарды есептен шығару тауарлық – материалдық құндылықтарды есептен шығару жөніндегі Ережеге сәйкес жүргізіледі. Негізгі құралдар кәсіпорынның балансынан: 100% жеке және моральдық тозу, қалпына келтіруді жөндеудің мүмкін еместігі және орынсыздығы, апаттар, дүлей зілзалалар жағдайларында жарамсыздығы кезінде есептен шығарылады. Қорларды есептен шығару материалдық жауапты тұлғалардың есептері бойынша есептен шығару актілері негізінде жүзеге асырылады. Басқа қорлар пайдалану фактісі бойынша, орнату, ауыстыру актілері, орындалған жұмыстар, ақаулы ведомостар негізінде есептен шығару актісі кейіннен ресімделе отырып есептен шығару актісі негізінде есептен шығарылады. Азық-түлік күн сайын, балалар саны бойынша есептеулерге сәйкес шығарылады. Күнделікті есептеулер негізінде бір айға жиынтық ведомосі жасалады және тамақ өнімдерін есептен шығару актісі қалыптастырылады. Есептен шығару актілерінде есептен шығарылатын объектілерге сипаттама беріледі, себебін көрсетеді. Осы кезеңде азық-түлік, шаруашылық, сантехникалық, кеңсе тауарлары, дезинфекциялық және жуғыш заттар мен жұмсақ құрал жабдық есептен шығарылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша жұмыс тобы мынадай ұсынымдар шығарды:

1. «№54 бөбекжайы» КМҚК азаматтық қызметшілеріне ҚР «Білім туралы» Заңын, «Педагог мәртебесі туралы» Заңын, Әдеп кодексін, МДҰ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын сақтау.
2. Жауапты тұлға Захарова Е.А. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, әдеп кодексін сақтау және оны <http://sad54-kst.edu.kz> ресми сайтына орналастыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты: Е.А.Захароваға, К.А. Джабароваға мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңнаманы сақтау, интернет ресурстарда, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаумен халық арасында тұрақты түсіндіру жұмысын жүргізу.
4. «Мектепке дейінгі ұйымдарға балаларды қабылдау және есепке алу» мемлекеттік қызметін көрсету процесін жақсарту мақсатында ***INDIGO электрондық балабақша сайты***н жетілдіру талап етіледі.
Жұмыс тобының төрайымы: Захарова Е.А.

Жұмыс тобының мүшелерімен келісілді:

Калинова Т.В.
Черноус О.А.
Досмагамбетова М.А.
Гаан В.К.

